



Химия өнеркәсібі бойынша 2020 ж. қаңтар-қарашаға арналған дайджест



Өндіріс көлемінің динамикасы

Құндық көріністе өндіріс көлемін ұлғайту байқалады



Түсінік


ҚР СЖРА ҰСБ оперативті деректеріне сәйкес 2020 ж. қаңтар-қарашада ФКИ 0,7% төмендегені байқалады, 2019 ж. осы кезеңмен салыстырғанда құндық көріністе өндіріс көлемі 0,2% өсті.

Заттай көріністе өндіріс көлемінің ең жоғары өсуі: натрий триполифосфаты (+25,1%), жуғыш заттар (+10,0%), этил спирті (+4,5%), фосфорлы таңайтқыштар (+3,4%), сары фосфор (+0,7%), азотты тыңайтқыштар(+ 0,4%).

Заттай көріністе өндіріс көлемінің төмендеуі: каустикалық сода (-31,3%), цементке арналған қоспа (-15,4%), полимер негізіндегі бояулар мен лактар (-14,0%), бастапқы формадағы полиуретан (-6,7%), күкірт қышқылы (-6,2%), бастапқы формадағы полистирол (-3,6%) және т.б., бұл, аралас салалардағы өндіріс көлемінің төмендеуіне байланысты.

Құндық көріністе көшбасшылар қатарында ірі өнеркәсіптік орталықтар: 159,6 млрд тг, 46,0 млрд тг және 40,2 млрд тг өнім өндірген Жамбыл, Қарағанды және Атырау облыстары.

Өңірлер кесінінде 2020 ж. қаңтар-қарашадағы өндіріс көлемі, млрд теңге




НЕГІЗГІ ӨНІМ ТҮРЛЕРІНІҢ ӨНДІРІСІ




Негізгі өнім түрлерінің 2020 ж. қаңтар-қарашада 2019 ж. осы кезеңмен салыстырғанда өндіріс көлемі

Ағымдағы кезеңде фосфорлы және азотты тыңайтқыштар, жуғыш заттар және көміртегі диоксиді өндірісі көлемінің өсуі байқалады



2020 жылғы қаңтар-қарашада каустикалық сода, полимер негізіндегі бояулар және лактар, цементке арналған қоспа, күкірт қышқылы, бастапқы формадағы полимер және аммиак өндірісі көлемінің едәуір төмендегені байқалады




САУДА ЖӘНЕ САТУ НАРЫҒЫНЫҢ
КӨРСЕТКІШТЕРІ

Экспорт

ҚР СЖРА ҰСБ оперативті деректері бойынша ҚР ҚМ МКК 2020 ж. 10 айда химия өнімінің экспорты 2019 ж. осы кезеңмен салыстырғанда құндық көріністе 18% төмендеді. Алайда, параксилол, аммоний нитраты, натрий трифосфаты, полипропилен және басқа да NP-тыңайтқыштар сияқты тауарларда өсу байқалады.

Өнім	\$ млн.	2020/2019	мың тонна	2020/2019	Экспорт үлесі, %
Сары (ақ) фосфор	177,8	-1,8%	70,9	-2,4%	23,4%
Сублимацияланған күкірттен басқа, барлық күкірт түрі	149,4	-45,2%	3256,5	-1,8%	19,6%
N-ксилол	79,1	17,6%	195,7	108,7%	10,4%
NP-тыңайтқыштар	66,6	-7,3%	261,1	11,3%	8,7%
Басқа да оксидтер және хром хлориді	35,8	-33,4%	18,9	-26,6%	4,7%
Аммоний нитраты, соның ішінде, су ерітіндісінде	19,7	32,4%	118,5	89,6%	2,6%
Полипропилен	18,6	-8,1%	20,4	16,2%	2,4%
Хром триоксиді	15,8	-12,8%	8,9	-0,9%	2,1%
Натрий трифосфаты (натрий триполифосфаты)	14,2	10,7%	22,8	21,2%	1,9%
Кальций карбиді	13,3	9,3%	15,7	-11,0%	1,7%

Импорт



ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ МКК оперативті деректері бойынша 2020 ж. 10 айда химия өнімінің импорты құндық көріністе 2019 ж. осы кезеңмен салыстырғанда 5,9% төмендеді. Заттай көріністе гербицид, 235-уранмен байытылған уран, төмен қысымды полиэтилен, белсенді, жуғыш және тазалағыш заттар импортының елеулі өскендігі байқалады.

Өнім	\$ млн.	2020/2019	мың тонна	2020/2019	Экспорт үлесі, %
Бөлшек саудаға арнап салынған белсенді, жуғыш, тазалағыш заттар	118,4	14,7%	116,2	22,7%	5,23%
Үлес салмағы 0,94 немесе одан артық полиэтилен	112,3	-14,2%	127,4	20,3%	4,96%
Гербицидтер, өскінге қарсы құралдар және өсімдердің өсуін реттегіштер	108,4	30,6%	18,1	57,9%	4,79%
-235 уранмен байытылған ураны және оның қосындылары	98,6	52,3%	0,1	23,6%	4,36%
Құю қалыптарын өндіруге арналған дайын байланыстырғыш заттар	84,4	-12,0%	26,6	3,3%	3,73%
Диагностикалық немесе зертханалық реагенттер	79,1	66,9%	1,0	-27,2%	3,49%
Тамақ өнеркәсібі немесе сусындар өндірісіне арналған хош иісті заттар қоспалары	61,1	2,4%	2,5	-47,8%	2,70%
Макияжға және тері күтіміне арналған косметикалық құралдар	61,0	-10,8%	8,1	12,6%	2,69%
Динатрий карбонаты	51,5	-24,9%	244,9	-8,7%	2,27%
Аммоний нитраты, соның ішінде, су ерітіндісінде	40,4	-26,4%	216,6	-17,6%	1,79%

САЛАДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР. ҚАЗАҚСТАН



ҚАЗАҚСТАНДА ПОЛИПРОПИЛЕН ӨНДІРІСІ ЗАУЫТЫ ЖАҒЫРТЫЛАТЫН БОЛАДЫ

Қазақстанның Атырау облысындағы полипропилен өндірісі зауытының концепциясы толық цифрландыруды білдіреді, - деп хабарлады «ҚазМұнайГаз» АҚ (ҚМГ) Trend. 2018 жылы Атыраудағы полипропилен өндірісі зауытының құрылысы "ҚазМұнайГаз" ҰК» АҚ сенімді басқаруға берілді. Зауыт құрылысын аяқтау 2021 жылға жоспарланған.

Атырау облысында біріктірілген газ-химия кешенін (БГХК) салу – бұл Қазақстандағы соңғы онжылдықтағы аумақты жобалардың бірі. Жоба екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезең – қуаты 500 мың тонна полипропилен өндірісі зауытының құрылысы. Екінші кезең полиэтилен өндірісі кәсіпорнының құрылысы. «Бүгінгі күні KLPE" ЖШС іске асырылып жатқан қуаты жылына 1,25 миллион полиэтилен өндірісі жобасы бойынша кезең аяқталды. Стратегиялық серіктес іздеу жоспарлануда", - деді ҚМГ-да.

БГХК құрылысы қосымша құны жоғары өнім өндіруге арналған республиканың мұнай-химия кластерінің негізгі бөлігі болады.

«Жобаның негізгі технологиялық қондырғылары: пропанды сутексіздендіру қондырғысы (PDH) – жылына 503 мың тонна пропилен (Catofin технологиясы), полимеризация қондырғысы (PP) – жылына 500 мың тонна полипропилен (Novolen технологиясы) – "Lummus Technology» полимер өндірісі саласындағы әлемдік көшбасшының лицензиялық технологиясы бойынша", - деп атап өтті компанияда.

Болашақ зауыттың концепциясы толық цифрландыруды білдіреді. «Яғни шикізат қабылдаудан бастап өнімді жөнелтуге дейін барлық процестер толығымен автоматтандырылуы және цифрландырылуы тиіс", - деді ҚМГ-да.



ЕЭК ОРГАНИКАЛЫҚ ХИМИЯ ҚОСЫНДЫЛАРЫНЫҢ КЕЙБІР ТҮРЛЕРІНЕ БАЖДЫ ТӨМЕНДЕТТІ

Еуразиялық экономикалық комиссия (ЕЭК) кеңесі сыртқы экономикалық қызметтің бірыңғай тауар номенклатурасы (СЭҚ ТН) бойынша органикалық химиялық қосындылардың кейбір түрлерін Еуразиялық экономикалық одаққа бөлу және кедендік әкелім баждарының мөлшерлемелеріне қатысты төмендету туралы шешім қабылдады, - деді ЕЭК сауда блогының өкілі Алексей Ашихмин. «Атап айтқанда, Ресей бастамасы бойынша 5%-дан 0% дейін бірқатар анилинге, сондай-ақ, N-фенил-п-фенилендиаминге баждар төмендейтін болады, - деп түсіндірді ЕЭК сауда блогының өкілі.

Өндірісі ЕЭО-да жоқ анилин мен олардың тұздары үшін нөлдік мөлшерлеме осы заттардың тапшылығын толтыру үшін белгіленді. Сонымен қатар, N-метиланилин үшін ЕЭО өндіруші елдерін қрғау мақсатында 5% баж сақталады.

Қосылым жеткілікті мөлшерде өндіріледі және бензиннің қажетті жану қасиеттерін алу және оның экологиялық тазалығын арттыру үшін, сондай-ақ, бояу, полимер және гербицидтер өндіру кезінде аралық органикалық синтез шикізаты мен аралық өнім ретінде пайдаланылады".

Негізінен синтетикалық каучуктер дайындау кезінде пайдаланылатын N-фенил-п-фенилендиамин мөлшерлемесі төмендеуде, себебі, ЕЭО-да ол өндірілмейді. Қалған заттар үшін мөлшерлеме бұрынғы деңгейде қалады, себебі, әр түрлі ароматты полиаминдер өндірісі дамыған.

«Қабылданған шаралар ЕЭО ішкі нарығында шикізат тапшылығын толықтыруға, органикалық химия қосындыларынан өндірілетін дайын өнімнің өзіндік құнын төмендетуге, сондай-ақ, химия саласының кәсіпорындарын қолдауға бағытталған", - деді ЕЭК Кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу департаментінің директоры Ваагн Казарян.

Дереккөз : advis.ru

Дереккөз : belta.by



ТАТАРСТАНДА ЭПОКСИДТІ ШАЙЫР ӨНДІРІСІН ІСКЕ ҚОСТЫ

«Набережные Челны» (Татарстан) ТОСЭР аумағында «Химресурс» НПК компаниясы эпоксид шайыры өндірісі зауытын ашты. ТОСЭР татарстан баспасөз қызметінің хабарлауы бойынша жобаға инвестиция көлемі 50 млн рубль. Компания мамандары Казань ұлттық зерттеу технологиялық университеті және Ярославль Технологиялық институтының қызметкерлерімен бірге эпоксид шайырын жасау технологиясын әзірледі. Сосын өнім өндірісін іске қосты. Алаң қуаты нақтыланбаған.

Жоба мақсаты – қалада қатты эпоксидті шайыр өндірісін бейімдеу, - деді «Химресурс» НПК» бас директоры Эдуард Яруллин.

Қазіргі уақытта Ресейде бұл өнімге сұраныс жоғары, ал, ұсыныстар жеткіліксіз болғандықтан жоба стратегиялық маңызды болып табылады. Компанияның негізгі клиенті «Алабұға» аумағында абразивті өнімдер, желімді және коррозияға қарсы материалдар өндіретін «ЗМ».

Келешекте «Заряд» хоккеисті Данис Зариповтың сырғытпа таяқтарын өндіруші.

«Химресурс» НПК» 2017 жылғы тамызда 10 мың рубль жарғылық капиталмен тіркелген. 2018 жылы компания «Набережные Челны» ТОСЭР резиденті болды. Ұйымға үш адам иелік етеді: Алсу Абузарова – 50% үлес, Айрат Галеев және Эдуард Яруллин – 25%-дан.

Дереккөз : lkmportal.com



УКРАИНАДА ЖАҢА ҰЛТТЫҚ МИНЕРАЛДЫ ТЫҢАЙТҚЫШТАР ӨНДІРУШІ ПАЙДА БОЛДЫ

Кривой Рог қаласында «Украинские минеральные удобрения» компаниясы минералды тыңайтқыштар өндірісі бойынша кешен ашты. Негізгі өнім — аммоний сульфаты негізінде жасалған азотты-күкіртті және кешенді тыңайтқыштар. Жаңа өндірушінің өндірістік қуаты украин аграрийлерін жыл сайын 100 мың т. дейін дайын өніммен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Инвестицияның жалпы көлемі 11 млн астам АҚШ долл. құрады.

«Біздің компания Украина экономикасының негізгі салаларында қосымша құн жасай алатын және қоршаған ортаға оң әсер беретін тұрақты өндіріс технологияларын зерттейді және енгізеді.

Көптеген жылдар бойы тыңайтқыштарға айналуы мүмкін металлургия саласының құнды қосалқы өнімкристалды аммоний сульфатын Түркия, Болгария немесе Сербия сияқты елдерге экспорттады.

Сосын агрокәсіпорындардың сұраныстарын қанағаттандыру үшін оны қайтадан Украинаға импорттады. Recycling Solutions аммоний кристалл сульфатын пайдалануға дайын түйіршіктелген өнімге қайта өңдеу үшін Кривой Рогта жергілікті өндіріс ашты.

Зауыт негізгі өнеркәсіптік процестің қайталам шикізатты қайта өңдеуді қамтамасыз ете отырып, айналмалы экономиканың құндылығын қолдап қана қоймай, осы ресурстардың дүние жүзі бойынша айналымына шығындарын қасқартады», — деді, Recycling Solutions бас директоры Дмитрий Ануфриев.

Дереккөз : ukragroconsult.com

САЛАДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР. ӘЛЕМ.



ҰЛЫБРИТАНИЯ КАРБАМИДКЕ ТҮЙЫМ САЛҒЫСЫ КЕЛЕДІ

Британдық фермерлер карбамидті пайдалануға тыйым салынғандығын білді, себебі, ел үкіметі карбамид өндіру үшін пайдаланылатын аммиак шығарындыларының халыққа тигізетін зиянын азайтуға ниетті.

Үкімет 2030 жылы аммиак эмиссиясын 2005 жылғы деңгейден 8% және 2030 жылы 16% қысқартуға ниетті. Ұлыбританияның Қоршаған орта жөніндегі министрі Джордж Юстистің (George Eustice) айтуынша аммиак шығарындылары бірқатар өсімдік түрлерінің өсуіне зиян келтіріп, топырақты қышқылдандырады: «Олар адам денсаулығы үшін де зиян және барлығымыз таза ауамен дем алу үшін оларды ауыл шаруашылығында пайдалану проблемасын қалай шешу керек екендігі туралы кез келген идеяны қолдаймыз».

Ұлыбритания Үкіметі іс-шараларды дамытудың үш нұсқасын ұсынып, көпшілікпен консультациялар жүргізе бастады: карбамид пайдалануға толық тыйым салу, карбамид пайдалануға 15 қаңтардан бастап 31 наурыз аралығында рұқсат беру немесе оны тек уреаз ингибиторымен үйлесімділікте пайдалану талабы.

Дереккөз : fertilizerdaily.ru

ҚЫТАЙДА СУПЕРГИДРОФОБТЫ СУСПЕНЗИЯ ЖАСАП ШЫҒАРДЫ

Қытай ғалымдары экологиялық таза супергидрофобты суспензия жасап шығарды және оны аэрогельдер мен лак-бояу жабындарын алу үшін қолдануға болады, - деп хабарлайды Green Chemistry («Жасыл химия») журналы. Жұмыс барысында зерттеушілер кедір-бұдырлықты, гидрофобты және басқа қасиеттерді арттыратын модификатор ретіндегидрофобты нанощеллюлозды талшық пен кремний диоксиді қосылған су суспензиясы жабынның механикалық тұрақтылығын арттыратындығын дәлелдей алды.

Жаңа өнім супергидрофобты материалдар өндірісінің құнын төмендетуге және қоршаған ортаға теріс әсерін шектеуге қабілетті.

Дереккөз : lkportal.com



АҚШ РФ МЕН МАРОККО ТЫҢАЙТҚЫШТАРЫНА БАЖ ЕНГІЗЕДІ

АҚШ Сауда министрлігі Ресей және Марокконың фосфорлы тыңайтқыштар импортына алдын ала баждар енгізу туралы хабарлады. Бұндай шешім аталған елдердің өндірушілерінің жеткізулеріне қатысты тергеу жүргізу өтінішімен Mosaic американдық өндірушісі петиция бергеннен кейін қабылданды.

АҚШ Сауда министрлігінің шешімі бойынша мароккандық OCP Group өндіретін фосфорлы тыңайтқыштарға алдын ала баждар 23,46%, ресейлік «ЕвроХим» - 72,5% құрайды. Басқа ресей өндірушілерінің фосфорлы тыңайтқыштарына баж 32,92% тең болады.

Бұл жаңалық Mosaic компаниясының және канадалық бәсекелес Nutrien компаниясының акцияларының өсуіне алып келді. Баждарға қатысты түпкілікті шешімді АҚШ Сауда министрлігі келесі жылғы 8 ақпанда қабылдайды. Былтырғы жылы Марокко және Ресейден АҚШ-қа фосфор тыңайтқыштар импорты 729 және 299 млн. долл. құрады. Нарықтың шамадан тыс қанықтылығы бағаларға әсер етті, нәтижесінде солтүстік америка компаниялары айтарлықтай қаржылық шығынға ұшырады.

Дереккөз : fertilizerdaily.ru

INEOS GEMINI 50% САТЫП АЛУДА

INEOS Olefins and Polymers USA Sasol-дан Gemini тығыздығы жоғары бимодаль полиэтиленнен жасалған бұйым өндірушінің 50% сатып алатындығы туралы хабарлады.

Принципті шарттар келісілген, - деп хабарлайды INEOS сайтында. Үлес құны \$404 млн. құрайды. INEOS ең ірі тығыздығы жоғары полиэтилен өндірушілердің бірі Gemini активін толық біріктіру мүмкіндігін қарастырады. Компания өнімі құбырлар мен пленка өндірісі нарығында сұранысқа ие. Өндіріс АҚШ, Техас қ. орналасқан.

INEOS — Еуропадағы ең ірі химия өндірісі мен мұнай-химия өнімі, арнайы химикаттар және мұнай өнімдерінің әлемдік өндірушісі.

Дереккөз : himonline.ru